

Магистратураның «Адам ресурстарын басқару» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Мемлекеттік органдардың адами ресурстарды басқару және талант-менеджмент саласындағы стратегиялық әлеуетін күшейту.

Бағдарламаның міндеттері:

- адами ресурстарды тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру;
- тәуекелдерді ескере отырып, басқыраушылық шешімдерді қабылдау дағдыларын дамыту;
- ұйымның адами ресурстарға қажеттілігін жоспарлау дағдыларына оқыту;
- ең құзыретті үміткерлерді таңдау және жалдау, қызметкерлерді бейімдеу және олардың тиімділігін бағалау әдістеріне оқыту;
- ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту дағдыларына оқыту;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Анализ: ұйым мен еңбек нарығының адами әлеуетін талдайды.

Синтез: мемлекеттік органның ұзақ мерзімді перспективаға кадрлық саясатын жоспарлайды.

Бағалау: мемлекеттік қызметшілердің нәтижелілігі мен құзыреттілігін бағалайды.

Қолдану: адами ресурстарды басқарудың өзекті мәселелерін шешуде білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын қолданады.

Құзыреттер бойынша:

Стратегиялық ойлау: Даму сценарийін, болуы мүмкін салдар мен тәуекелдерді ескере отырып, мемлекеттік органның орнықты дамуы үшін ұзақмерзімді шешімдерді жоспарлауға, болжауға және қабылдауға қабілетті.

Жүйелік басқару: Барынша аз шығындармен және қысқа мерзімде меморганның стратегиялық мақсаттарына жетуге ықпал ететін жүйелі шешімдер қабылдау арқылы процестер мен ресурстарды (материалдық, қаржылық, адами т.с.с.) тиімді басқара алады.

Көшбасшылық: Адамдар тобына басшылық жасауға дайын екендігін көрсете алады. Жақсы қарым-қатынастарды, ынтымақтастық пен коммуникацияны көтермелеп отырады. Басқа адамдарға дем беріп, жігерлендіре алатынын, сондай-ақ әлдеқайда тиімді әрі ынталы бола алатынын көрсетеді.

Өзін өзі дамыту уәждемесі: Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады. Өзін өзі дамытуға ұмтылады, жаңа ақпаратты және оны қолдану тәсілдерін іздейді. Тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін жаңа дағдыларды іс жүзінде қолданады.

Талдау және шешімдер қабылдау: Сандық, сөздік және басқа ақпараттарды талдайды. Бөлек міндетті немесе проблеманы жалпы процестің бір бөлігі ретінде, барлық өзара байланыстарын ескере отырып қарастырады. Зерттелген ақпарат негізінде таразыланған шешімдер қабылдайды.

Инновативтілік және өзгерістерді басқару: Жаңа идеяларды өндіреді, ерекше шешімдер табады. Іс-қимылдардың бірнеше нұсқаларын ұсынады. Өбден сіңген ұғымдарға күмән келтіреді.

Ынтымақтастық: Стратегиялық мақсаттарға жету үшін әріптесерімен, басқа меморгандармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынастар түзе алады.

Қызметтерді тұтынушыға бағдарлану және ақпараттандыру: Мемлекеттік органмен сапалы мемлекеттік қызмет көрсетілуін үйлестіру және бақылау жасау дағдыларына ие.

Парасаттылық: Әдептілік нормалары мен стандарттарын қадағалауды бақылау, ұжымда сенім мен сыйластық ахуалын қалыптастыру, әріптестері мен қарамағындағылардың іс-әрекеттерінде ашықтық пен әділдік қағидаларын қадағалауды қамтамасыз ете алады.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Ресми-іскерлік қазақ тілі	3
	Кәсіби коммуникациялар (ағылшын тілі)	3
	Мемлекеттік басқару	3
	HR-дағы экономикалық талдау	3
	Стратегиялық HR менеджмент	5
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)	6
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	24
2	Ұйымдастырушылық мінез-құлық	3
	Талант менеджмент	5
	HR менеджменттің құқықтық негіздері	5
	Өзгерістерді басқару	5
	Пәндер каталогынан 1 элективті курс	3
	• Адами ресурстарды басқарудағы HR талдамасы	
	• HR және Digital трансформациясы	
	• Құзыреттерді стратегиялық басқару	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	Өндірістік тәжірибе	2
	Тағылымдама	2
	МҒЗЖ	5
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	31
Теориялық оқудың барлығы		42
МҒЗЖ:		13
• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса		11
• Тағылымдама		2
Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)		12
Қосымша білім берудің барлығы		25
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		67